

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М051300 – ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИНЫ

по специальности «6М051300 – МИРОВАЯ ЭКОНОМИКА»

Алматы 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М051300 – ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИНЫ

по специальности «6М051300 – МИРОВАЯ ЭКОНОМИКА»

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген (239 қосымша). ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығымен өзгертулер енгізілген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. **РАЗРАБОТАНЫ И ВНЕСЕНЫ** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 года № 343 (Приложение 239). Внесены изменения приказом Министра образования и науки РК от 5 июля 2016 № 425.

3. **УТВЕРЖДЕНЫ** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящие типовые учебные программы не могут быть тиражированы и распространены без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ аль-Фараби, 2017

НМ 5301 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАКРОЭКОНОМИКА

(ғылыми және педагогикалық бағыт)

Көлемі 2 кредит

Авторлар:

Елемесов Р.Е. – экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры

Медуханова Л.А. – экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Арупов А.А. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар» институтының директоры;

Аубакирова Ж.Я. – экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті профессоры;

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Халықаралық макроэкономика» пәнінде қаржы нарықтарының жаһандануы жағдайындағы ашық ұлттық экономикалар мен жалпы алғанда әлемдік экономиканың әрекет жасау заңдылықтары қарастырылады. Алдыңғы орынға ұлттық шаруашылықтың негізгі экономикалық секторларының әлемдік экономикамен өзара байланыстары, төлем балансы мен валюта бағамының мазмұны мен макроэкономикалық ролі, ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдіктің қалыптасуы шығады.

Ашық экономикада, экономиканың ішкі жағдайын сипаттайтын негізгі макроэкономикалық өзгермелелердің арасындағы өзара байланыстар, елдің халықаралық экономикалық байланыстарына тәуелді болады. Нәтижесінде макроэкономикалық өзгермелілер, өзара байланысқан ішкі және сыртқы экономикалық факторлардың ықпалында болады, осыған сәйкес, макроэкономикалық саясаттың мазмұны мен оны жүзеге асырудың құралдары күрделілене түседі.

Аталған курста қарастырылатын ең маңызды мәселелеріне сауда саясаты, капиталдың халықаралық қозғалысы мен валюталық реттеудің өзара әрекеттестігі, елдің сыртқы қарызының басқарылуы, мемлекеттің бюджеттік, ақша және валюта саясатының өзара байланыстары жатады.

Халықаралық макроэкономиканың зерттеу пәні ретінде қазіргі кездегі әлемдік валюта және жаһандық қаржы нарықтарының әрекет ету қағидаларын, олардың тұрақсыздығының себептерін мен даму үрдістерін, әлемдік валюта-қаржы саласын халықаралық ұйымдармен реттеу мәселелерін атауға болады.

Халықаралық макроэкономиканы оқып-үйрену барысында алынған білімдер мен дағдылар, әлемдік валюта және қаржы нарықтарының жай-күйі мен даму болашағын, елдің макроэкономикалық саясатының шараларының тиімділігі мен салдарларын кәсіби тұрғыдан талдауға және бағалауға мүмкіндік береді, бұлар өз кезегінде Қазақстан экономикасының халықаралық бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға себін тигізеді.

«Халықаралық макроэкономика» курсын үйрену барысында магистрант:

- ашық ұлттық экономиканың негізгі функционалды байланыстарын, елдің төлем балансының құрылымы мен ролін, валюта бағамдарының түрлері мен теориясын, ашық экономикада макроэкономикалық саясатты даярлау мен оны іске асырудың ерекшеліктерін және халықаралық қаржы нарықтарының жұмыс істеу қағидаларын, халықаралық макроэкономиканы ұлтүсті реттеудің мақсаттары мен мәселелерін **білуге**;

- жабық және ашық экономикада макроэкономикалық тепе-теңдікке қол жеткізудің мәні мен әдістерін және ашық экономика жағдайында макроэкономикалық реттеу саласында негізгі теориялық және практикалық мәселелерін, оларды шешу жолдарын, жаһандық валюта және қаржы нарықтарының әрекет жасау мәселелерін, сондай-ақ, олардың ұлттық экономиканың дамуына тигізетін әсерін **түсінуге**;

- алынған білімдер мен дағдыларды ҚР-ның макроэкономикалық саясатын және кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы экономикалық саясатын даярлау мен оларды жетілдіруде қолдана білуге **тиісті**.

Пререквизиттер: «Макроэкономика», «Халықаралық экономика» «Әлемдік экономика»

Постреквизиттер: Таңдау компонент пәндері .

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атаулары
1	Курсқа кіріспе: халықаралық микро- және макроэкономика. Халықаралық экономикадағы функционалды байланыстар
2	Төлем балансы: теориясы мен құрылымы. Төлем балансының макроэкономикалық ролі
3	Халықаралық валюталық жүйе: даму кезеңдері және әрекет етуінің қазіргі мәселелері
4	Валюталық бағам және оның түрлері. Тепе-теңдік валюта бағамы
5	Валюта бағамының теориялары
6	Ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдік
7	Белгіленген валюта бағамды ашық экономикадағы макроэкономикалық саясат
8	Қалқымалы валюта бағамды ашық экономикадағы макроэкономикалық саясат

9	Ашық экономика үшін макроэкономикалық бағдарламалау
10	Капиталдың жаһандық нарығы: қазіргі ерекшеліктері мен құралдары
11	Әлемдік валюта және қаржы дағдарыстар: себептері мен салдары
12	Халықаралық макроэкономиканың мониторингі мен реттелуі Халықаралық валюта-қаржы ұйымдар

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Халықаралық макроэкономика» курсын оқытудың мақсаты магистранттардың жаһандану жағдайында ашық ұлттық экономиканы макроэкономикалық реттеу, халықаралық валюта және қаржы қатынастарының әрекет ету тұралы теориялық білімдерді, практикалық мәселелерді талдау дағдыларын алу болып табылады.

Аталған пәнді оқыту міндеттеріне, түлектерге әлемдік экономикаға белсенді қатысатын елдің макроэкономикалық саясатының мазмұнын кәсіби деңгейде талдауға мүмкіндік беретін білімдер мен біліктілікті оқыту болып табылады. Осы тұрғыдан халықаралық макроэкономика базалық «Макроэкономика» пәнінің логикалық жалғасы болып табылады. Сонымен қатар, макроэкономикалық талдаудың халықаралық аспектілерін зертеу халықаралық экономика саласына жататын білімдерді тереңдете және кеңейте.

«Халықаралық макроэкономика» пәнінің оқыту нысаны халықаралық экономикалық құбылыстар мен үдерістер, ал пәні – ашық ұлттық экономиканың макроэкономикалық саясатты әзірлеудің қағидалары, ережелері мен құралдары, төлем балансы және валюта бағамдары, қазіргі кездегі әлемдік валюта және қаржы нарықтарының әрекет ету ерекшеліктері, олардың халықаралық реттелу мәселелері болып табылады.

Халықаралық макроэкономикалық үдерістерді оқыту барысында қолданылатын әдістерге, негізгі идеясы экономикалық тепе-теңдік болатын неоклассикалық синтез мектебінің талдау құралдары жатады. Халықаралық макроэкономиканы оқыту барысында қолданылатын ғылыми аппарат, «Макроэкономика», «Халықаралық экономика» ғылымдарының категориялары мен талдау әдістеріне сай келеді.

Халықаралық экономика теориясының ерекше бөлімі ретінде халықаралық макроэкономика XX ғ. екінші жартысында өндірістің интерұлттануының нәтижесінде пайда болып, соңғы онжылдықтарда экономикалық өмірдің жаһандануы барысында ерекше өзектілікке ие болды. Жаһандану үдерістері ұлттық экономикалардың өзара тығыз байланысты мен өзара әрекеттесуінде және әлемдік нарықтардың қалыпынан тәуелсіз дербес ұлттық экономикалық саясатты жүргізуді мүмкін еместігінде көрініс береді. Халықаралық макроэкономиканың ерекшеліктері мен қағидалары білу, елдің макроэкономикалық саясатын даярлау мен жетілдіруде, кәсіпорындардың

сыртқы экономикалық қызметін басқару саласында тиімді шешімдер қабылдауда мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Курсқа кіріспе: халықаралық микро- және макроэкономика. Халықаралық экономикадағы функционалды байланыстар

Халықаралық экономика теориясының зерттеу пәні. Қазіргі халықаралық экономиканың негізгі сипаттамалары. Халықаралық экономиканың құрылымы. Халықаралық микро және макроэкономика. Макроэкономика және халықаралық экономика. Халықаралық макроэкономикада қолданылатын модельдер мен талдау құралдары.

Халықаралық экономикадағы егемендік пен мемлекеттік шекараның маңызы. Ұлттық экономиканың ашықтығы принципі. Халықаралық экономиканы ұлттық және халықаралық деңгейде реттеудің қажеттілігі мен әдістері.

Экономикалық қызметтің негізгі секторлары. Ұлттық шоттар жүйесі. Институционалды бірліктер мен олардың топтары. Макроэкономикалық шоттардың түрлері. Экономикалық операциялар: ұғымы мен түрлері. Халықаралық экономикалық операциялардың түрлері. Экономикалық секторлардың өзара байланыстылығы.

Төлем балансы: теориясы мен құрылымы. Төлем балансының макроэкономикалық ролі

Төлем балансы. Есеп айырысу балансы. Халықаралық инвестициялар балансы. Төлем балансын құрастырудың негізгі қағидаттары. Қос жазба жүйесі. Ақпарат көздері. Төлем балансының бөлімдері.

Ағымдағы операциялардың шоты. Ағымдағы операциялар шотының құрамды бөліктері: тауарлар; қызмет көрсету; табыстар; ағымдағы трансферттер. Капиталмен операциялар жасау және қаржы операциялар шоты. Капиталдық трансферттер. Тікелей инвестициялар. Портфельді инвестициялар. Төлем баланстары шоттарының өзара байланыстылығы.

Төлем баланстарын қаржыландыру. Резервті активтер және олардың құрамы. Төлем баланстарын қаржыландырудағы резервті активтердің ролі. Ерекше қаржыландыру. Төлем баланстарының макроэкономикалық ролі.

Халықаралық валюталық жүйе: даму кезеңдері және әрекет етуінің қазіргі мәселелері

Алтын стандарт жүйесі: негізгі қағидалары мен әрекет жасау тәжірибесі, артықшылықтары мен кемшіліктері. Алтын стандарт жүйесінің ыдырау себептері. Валюталар тұрақсыздығы мен олардың бәсекелестік девальвациясы. Валюталық блоктар.

Бреттон-Вудс валюта жүйесінің негізгі қағидалары мен күйреу себептері. Триффен диллемасы. Ямайка валюта конференциясының

шешімдері. SDR бағамы және қазіргі кездегі әлемдік валюта жүйесіндегі ролі.

Қазіргі валюта жүйесі әрекетінің мәселелері. Валюталық полицентризм және көпвалюталық стандарт жүйесі. Әлемдік валюта қатынастары тұрақсыздығының себептері және валюта дағдарыстарының пайда болуы. Әлемдік валюта жүйесінің әрекет етуіндегі алтынның ролі.

Валюталық интеграция және валюталық одақтар. Р. Манделдің онтайлы валюта аймағының теориясы. Еуропалық валюта жүйесі: даму кезеңдері мен қазіргі кездегі әрекет ету мәселелері.

Валюталық бағам және оның түрлері. Тепе-теңдік валюта бағамы

Валюта бағамының есептік түрлері. Номиналды және шынайы валюта бағамы. Көпше түрдегі валюталық тәжірибе. Икемділігі дәрежесі тұрғысындағы валюта бағамдарының түрлері. Валюта бағамдарының гибридті түрлері. Валюта бағамдарының тәртібі. Валюта бағамы жүйесін таңдау.

Тепе-теңдік валюта бағамы. Шетелдік валютаға сұраныс пен ұсыныс. Бағалардың валюта бағамына тәуелділігі. Шетелдік валютаға сұраныс пен ұсыныстың икемділігі. Валюта бағамының тұрақтылығы. Маршалл-Лернер шарты. Джей-қисығы.

Валюта бағамының теориялары

Сатып алу қабілеті паритетінің (СҚП) теориясы. СҚП теориясы негізінде валюта бағамын болжау мүмкіндігі.

Пайыздық мөлшермелердің валюта бағамына әсері. Пайыздық мөлшермелердің балансы. Фишер әсері (эффектісі).

Валюта бағамының ақшалай теориясы. Ақшаны ұсыну. Ақшаға сұраныс. Ішкі ақша тепе-теңдігі. Қысқа мерзімді перспективадағы валюта бағамы.

Валюта бағамының жалпы теориясы. СҚП-дан ауытқу.

Ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдік

Ашық экономикадағы табыстар пен шығындар (кейнстік модель) Жабық экономиканың базалық моделі.

Ашық экономиканың макроэкономикалық мақсаттары. Шағын ашық экономикадағы түзетулер. Үлкен ашық экономикадағы түзетулер. Ашық экономикадағы ішкі және сыртқы баланс. (IS-LM-BP моделі). Ашық экономикадағы жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс (AS - AD моделі). AD-AS моделінің тепе-теңдігі. Ішкі және сыртқы тепе-теңдік модельдері. Т. Свон диаграммасы. Макроэкономикалық саясатты жүргізуді асқындыратын факторлар.

Белгіленген валюта бағамды ашық экономикадағы макроэкономикалық саясат

Ашық экономика үшін кеңейтілген IS-LM модель. Белгіленген валюта бағамы жағдайындағы ішкі және сыртқы тепе-теңдік. Капиталдың ең төменгі

мобильділігі жағдайындағы бюджеттік-салық саясаты, ақша-несие саясаты және сыртқы сауда саясаты. Капиталдың жоғары мобильділігі жағдайындағы бюджеттік-салық саясаты, ақша-несие саясаты және сыртқы сауда саясаты.

Қалқымалы валюта бағамды ашық экономикадағы макроэкономикалық саясат

Қалқымалы валюта бағамы жағдайындағы ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдік. Капиталдың төменгі мобильділігі жағдайындағы макроэкономикалық саясат. Бюджеттік-салық саясаты. Ақша-несие саясаты. Сыртқы сауда саясаты.

Капиталдың жоғары мобильділігі жағдайындағы макроэкономикалық саясат. Бюджеттік-салық саясаты. Ақша-несие саясаты. Сыртқы сауда саясаты.

Белгіленген және қалқымалы валюта бағамы жағдайындағы макроэкономикалық саясаттың нәтижелерін салыстыру. Манделл-Флеминг моделі.

Ашық экономика үшін макроэкономикалық бағдарламалау

Макроэкономикалық бағдарламаның негізгі параметрлері. Макроэкономикалық бағдарламалардың мақсаты. Макроэкономикалық бағдарламалардың түрлері. Сұраныс пен ұсынысты түзету.

Макроэкономикалық бағдарламаларды түзетудің теориялық негіздері. Базалық баланстың моделі. Төлем балансының моделі. Бюджет балансының моделі. Орталық банк балансының моделі. Валюта бағамы өзгеруінің есебі. Ашық экономикадағы сұранысты реттеу. Ақша саясатының құралдары. Бюджет саясатының құралдары. Сыртқы экономикалық саясаттың құралдары. Ашық экономикада ұсынысты реттеу.

Капиталдың жаһандық нарығы: қазіргі ерекшеліктері мен құралдары

Әлемнің қаржы ресурстарының жаһандануы. Әлемдік қаржы нарығы: түсінігі мен қазіргі құрылымы. Әлемдік несие және қор нарығы. Әлемдік қаржы нарығы секторларының өзара байланысы.

Халықаралық несие беру мен қарыз алудың негізгі формалары. Халықаралық пайыздық мөлшерлемелер мен олардың қалыптасу факторлары.

Құнды қағаздардың әлемдік нарығы. Борышкерлік міндеттемелердің халықаралық нарығы. Меншік титулдарының халықаралық нарығы.

Еуровалюта нарығының пайда болуы мен әрекет ету ерекшеліктері. Еурокапиталдар нарығы. Еуронесиелер мен оларды іске асыру механизмдері. Еурооблигациялар, еуровексельдер және еуроноттар нарығы.

Қаржы деривативтерінің нарығы. Қаржы деривативтерінің қазіргі заманғы қаржы нарықтарындағы рөлі.

Әлемдік валюталық және қаржылық дағдарыстар: себептері мен салдары

Жаһандық қаржы жүйесінің тұрақсыздығы. Валюта және қаржы дағдарыстарының пайда болу себептері және олардың әлемдік экономика дамуына тигізетін әсері. Елдер мен аймақтар экономикаларының тұрақсыздандануы.

Сыртқы қарыздардың әлемдік дағдарысы: себептері, салдарлары. Елдің сыртқы қарызы: көрсеткіштері мен басқару жүйесі. Халықаралық несие беру мен қарыз алуды мемлекеттік реттеудің әдістері.

Халықаралық макроэкономиканың мониторингі мен реттелуі

Халықаралық валюта-қаржы ұйымдар

Халықаралық валюта-қаржы ұйымдары: қызмет салалары мен атқаратын функциялары. ХВҚ-ның халықаралық валюта-қаржы қатынастарын реттеудегі функциялары мен принциптері. ХВҚ-ның қызметін сынау. Төлем баланстарын реттеудегі ХВҚ-ның ролі.

Сыртқы қарыздарды реттеудегі Париж және Лондон клубтарының ролі.

Әлемдік қаржы ағындарын халықаралық реттеудің мәселелері. Банк қызметін реттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық валюта-қаржы қатынастарды реттеудегі Халықаралық есеп айырысу банктің ролі мен функциялары. Базель келісімдері.

СЕМИНАР САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Халықаралық макроэкономика түсінігі мен зерттеу пәні. Халықаралық экономикадағы функционалды өзара байланыстар
2. Төлем балансы: құрылымы мен шоттарының өзара байланыстары
3. Икемділік дәрежесі бойынша валюта бағамдарының түрлері
4. Валюта бағамының теориялары
5. Ашық экономиканы автоматты макроэкономикалық түзету
6. Ашық экономиканы мақсатты макроэкономикалық түзету
7. Халықаралық валюта жүйесі қазіргі кездегі әрекет жасау мәселелері
8. Халықаралық валюта қоры: мақсаттары, функциялары және қызметіндегі қазіргі мәселелері
9. Халықаралық валюта-қаржы қатынастарды реттеудегі Халықаралық есеп айырысу банктің ролі мен функциялары
10. Капиталдың жаһандық нарығы: құрылымы мен ерекшеліктері
11. Қаржылық деривативтердің нарығы
12. Еуровалюта нарығы және оның құралдары
13. Елдің сыртқы қарызын басқару
14. Әлемдік валюта және қаржы дағдарыстары: себептері мен салдарлары
15. Банк қызметін реттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық

МАГИСТРАНТТАРҒА ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Макроэкономика және халықаралық экономика: пәні мен зерттеу әдістерінің айырмашылығы мен ұқсастығы
2. Экономиканың жаһандану жағдайындағы мемлекеттік егемендіктің маңызы
3. SDR бағамы және қазіргі заманғы әлемдік валюта жүйесіндегі ролі
4. Төлем баланстары шоттарының өзара байланыстылығы
5. Еуропалық валюта жүйесісінің қазіргі кездегі әрекет ету мәселелері
6. Валюта бағамының жалпы теориясы. СҚП-дан ауытқу
7. Ашық экономиканың макроэкономикалық мақсаттары. Шағын және үлкен ашық экономикадағы түзетулер
8. Капиталдың төменгі және жоғары мобильділігі жағдайындағы макроэкономикалық саясат
9. Белгіленген және қалқымалы валюта бағамы жағдайындағы макроэкономикалық саясаттың нәтижелерін салыстыру. Манделл-Флеминг моделі
10. Макроэкономикалық бағдарламаларды түзетудің теориялық негіздері
11. Әлемдік қаржы нарығы секторларының өзара байланысы
12. Халықаралық пайыздық мөлшерлемелер мен олардың қалыптасу факторлары
13. Еуронесиелер мен оларды іске асыру механизмдері
14. Валюта және қаржы дағдарыстарының пайда болу себептері және олардың әлемдік экономика дамуына тигізетін әсері
15. Елдің сыртқы қарызын басқару әдістері
16. Сыртқы қарыздарды реттеудегі Париж және Лондон клубтарының ролі
17. Банк қызметін реттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Базель келісімдері.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі :

1. Киреев А.П. Международная макроэкономика – М.: Международные отношения, 2014 г.- 592 с.
2. Киреев А.П. Международная экономика. Международная макроэкономика: открытая экономика и макроэкономическое программирование. – М.: Международные отношения, 2006 г., часть 2.
3. Миклашевская Н.А., Холопов А.В. Международная экономика. 4-е изд. перераб. и доп. – М.: 2008.

4. Кругман П., Обстфельд М. Международная экономика. 5-е изд. – СПб.: Питер, 2004.
5. Суэтин А.А. Международные валютно-финансовые отношения: учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. М.: КНОРУС, 2010.- 440 с.
6. Моисеев С. Р. Международные валютно-кредитные отношения: Учебное пособие. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Дело и сервис, 2007.
7. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения: Учебник / Под ред. Л.Н. Красавиной. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 2008, 572 с.
8. Додонов В.Ю. Мировой кризис и тенденции экономического
9. Байгісіев М. Халықаралық валюта қатынастары және валюталық құқық : Оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2004.- 302 б.
10. Моисеев С.Р. Международные финансовые рынки и международные финансовые институты: Учебное пособие, практикум по курсу. - М., 2004.

Қосымша:

1. Валютное регулирование в системе государственного управления: учеб. / Под общ. ред. В. М. Крашенинникова.- М.: Экономика, 2003.- 398 с.
2. Carbaugh Robert J. International economics.- 12th ed.- Washington: Cengage Learning, 2009.- 553 p.
3. Глобализация мирового хозяйства: Учеб. пособие / Под ред. д-ра экон. наук, проф. М.Н. Осьмовой, канд. экон. наук, доц. А.В. Бойченко. - М.: ИНФРА-М, 2006
4. Диденко Н.И., Черногорский С.А. Мировая экономика: анализ валютных рынков. СПб, СПбГПУ, 2006.
5. Макроэкономика (продвинутый уровень). Веселова Н.В. Электронное учебно-методическое пособие. – Нижний Новгород: Нижегородский госуниверситет, 2012. –135 с.
6. Карелин В.С. Международные валютно-кредитные отношения. Практикум – М.: Дашков и К, 2006
7. Фельдман А.Б. Производные финансовые и товарные инструменты: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2002.
8. Ауэзов М. М. Международные рынки долговых инструментов.- Алматы, 2000
9. Рынок ценных бумаг: Учебник / Под ред. В.А. Галанова, А.И. Басова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Финансы и статистика, 2006. - 448 с.
10. Тауипбаева М.С.. Валюталық тәртіптің либеризациясы және валюталық нарықтың дамуы: әлемдік тәжірибе және Қазақстан практикасы: автореф. - Алматы, 2006 ж.
11. Омарбаева А.К. Ұлттық экономиканың жаһандануы жағдайындағы кәсіпкерлік және ссудалық капиталдың халықаралық

мобильділігі: теориясы, әлемдік тәжірибесі және реттеу проблемалары: автореф.: Алматы:, 2010

12. «Мировая экономика и международные отношения», «Международная экономика», «США и Канада: экономика, политика, культура», «Вопросы экономики», «Аль-Пари», «ҚаҰУ хабаршысы», «ҚазӘУ Хабаршысы», «Саясат» және т.б. журналдарының, ағылшын тілінде журналдарының: «Journal of International Economics», «Journal of Political Economy», «Journal of Monetary Economics», «NBER Macroeconomics Annual», «American Economic Review» мақалалары.

Нормативтік актілер мен анықтамалық әдебиет

1. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 13.06.2005 №57-III
2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банк туралы» ҚР заңы, 30.03.1995 N 2155
3. «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 21.07.2007 N300-З
4. «Қазақстан Республикасының банктер және банктер қызметі туралы» ҚР заңы, 31.08.1995 N 2444
5. «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 02.07.2003 № 461-2
6. Қазақстанның статистикалық жылдықтары

Интернет көздері

1. Халықаралық Валюта Қоры – International Monetary Fund (IMF) - (<http://www.imf.org/>)
2. Бүкіләлемдік банк – World Bank Group – www.worldbank.org/
3. Еуропалық Орталық Банк – The European Central Bank - <http://www.ecb.europa.eu/home/html/index.en.html>
4. Халықаралық Есеп айырысу Банкі – Bank for International Settlements (BIS) <http://www.bis.org/>
5. Еуропалық қайта құру және даму банкі – European Bank for Reconstruction and Development (EBRD) – <http://www.ebrd.com>
6. Қазақстанның Ұлттық Банкі – <http://www.nationalbank.kz/>
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті – <http://www.afn.kz/>
8. ҚР ҰЭМ-нің статистика комитеті - <http://www.stat.gov.kz/>
9. Business Week - <http://www.businessweek.com/>
- The Economist - <http://www.economist.com/>,
<http://forex2.info/category/форекс-статьи/economist-на-русском>

**ZhZhHK 5301 – ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК
(бейіндік бағыт)**

Көлемі 3 кредит

Авторлар:

Мырзахметова А.М.- экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті
Медуханова Л.А.- экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Арупов А.А. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар» институтының директоры

Аубакирова Ж.Я. – экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Жаһандану жағдайындағы халықаралық кәсіпкерлік» пәні «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша білім алатын магистранттар оқитын кәсіби пәндер топтамасына жатады. Бұл пән магистранттарда халықаралық іскер операцияларды ұйымдастырып, басқару саласында білімдер мен дағдылар қалыптастыруды көздейді. Пән әсіресе, сыртқы экономикалық қызметпен белсенді айналысатын отандық мекемелерде, шетелдік серіктестермен бірлескен кәсіпорындарда, сондай-ақ, халықаралық компаниялардың әртүрлі құрылымдарында болашақта жұмыс істейтін магистранттар үшін аса қажет.

Қазіргі жағдайлардағы халықаралық кәсіпкерлік кәсіпкерлік қызметтің интернационализациялануы мен жаһандануы үдерісін білдіреді және кәсіпкерлік, мекемелердің сыртқы экономикалық қызмет, халықаралық коммерция саласындағы білімдерді біріктіреді. Қазіргі кезде экономиканың жаһандануы салдарынан халықаралық кәсіпкерлік орасан-зор ауқымды иемденуде.

Аталған пәннің ролі халықаралық кәсіпкерліктің қазіргі кездегі ішкі және сыртқы ортасында жол табуға мүмкіндік беретін арнайы білімдерді, дағдыларды және іскерлікті кең ауқымда қалыптастыру болып табылады. Пән тек экономикалық емес, сондай-ақ, саяси, құқықтық, әлеуметтік және мәдени ортаны да кірістіреді. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру және жүргізу сан алуан тәуекелдермен байланысты, сондықтан, оларды шебер басқара білу халықаралық кәсіпкерліктің табысты болуын анықтап береді.

Қазіргі кезде халықаралық кәсіпкерліктің басты субъектілері трансұлттық корпорациялар (ТҰК) болғандықтан, осы курста олардың (ТҰК-дың) қызметінің түрлері мен ерекшеліктерін оқытуға айтарлықтай көңіл бөлінген.

Пререквизиттер: «Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі», «Халықаралық бизнес», «Халықаралық валюта-қаржы қатынастары».

Постреквизиттер: Таңдау бойынша компонент пәндері .

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атаулары
1	Халықаралық кәсіпкерліктің теориялық негіздері: ұғымы, ерекшеліктері мен ұйымдастырушылық-құқықтық формалары
2	Жаһандану жағдайындағы әлемдік нарықтар: түрлері мен әрекет ету ерекшеліктері
3	Халықаралық кәсіпкерліктің жаһандану жағдайындағы экономикалық-құқықтық және мәдениет аралық қырлары
4	Халықаралық кәсіпкерліктегі тәуекелдер. Шетелдік серіктесті таңдау шарттары
5	Халықаралық коммерциялық қызметтің ұйымдастырылуы. Халықаралық қарсы келісімдер: түрлері мен формалары
6	Сыртқы сауда контракт халықаралық кәсіпкерліктің негізі ретінде
7	Халықаралық кәсіпкерліктің қаржылай қамтамасыз етілуі
8	Халықаралық кәсіпкерліктегі сауда-делдалдық операциялар
9	Халықаралық биржалар мен аукциондардағы кәсіпкерлік
10	Халықаралық кәсіпкерліктегі білім және технологиялармен алмасу
11	Халықаралық франчайзинг пен факторинг
12	Халықаралық инвестициялық ынтымақтастық: формалары, бағыттары, мемлекеттік реттелуі
13	Халықаралық кәсіпкерліктегі Трансұлттық компаниялар (ТҰК)
14	ТҰК-дың халықаралық стратегиясы мен тактикасы
15	Көлеңкелі экономикалық қызметтің жаһандануы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Халықаралық кәсіпкерліктің мәні пайда табуды көздейтін, әртүрлі елдер қатысатын кез-келген өндірістік-коммерциялық операцияларды жүзеге асыру болып табылады. Халықаралық кәсіпкерлік әртүрлі ұйымдық-құқықтық формаларды иемденеді және оны жеке компаниялар, олардың бірлестіктері, сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдар жүзеге асыра алады. Халықаралық кәсіпкерлік, елдің ішіндегі кәсіпкерліктен әртүрлі елдердің валюталары, құқықтық жүйелері, салықтық жүйелері, мәдениеті, салттары мен дәстүрлері арасындағы айырмашылықтарға байланысты айтарлықтай

өзгешеленеді. Халықаралық кәсіпкерлікте классификациялауды, тәуекелдерді анықтауды, болжауды және тәуекелдерді басқару жүйесін жасауды қажет ететін әртүрлі кәсіпкерлік тәуекелдер пайда болады.

«Жаһандану жағдайындағы халықаралық кәсіпкерлік» курсының **мақсаты** халықаралық өндірістік-коммерциялық қызмет саласында әртүрлі елдер субъектілерінің ынтымақтастығының қағидаттары мен ережелері және шетелдік инвестицияларды тарту мен іске асыру, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты, сондай-ақ, ТҰК қызметін ұйымдастыру туралы жүйелі білім алу болып табылады.

Аталған мақсаттардан шыға отырып, осы курсты оқытудағы негізгі **міндеттері:**

- жаһандану жағдайында халықаралық кәсіпкерлік қызметтің мәнін, даму үдерістерін, халықаралық кәсіпкерлікті ұйымдастыру ерекшеліктері мен формалары түсіну;

- ұйымдық-құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, этикалық және мәдениет аралық байланыстарды кірістіретін халықаралық кәсіпкерліктің ішкі және сыртқы ортасын анықтау және түсіну;

- халықаралық бизнесті және оларды басқару әдістеріне байланысты барлық кәсіпкерлік тәуекелдерді білу;

- халықаралық кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерін, оны жүзеге асырудың қағидаттарын, оның әртүрлі формалары мен түрлерін оқып, үйрену;

«Жаһандану жағдайындағы халықаралық кәсіпкерлік» пәннің үйрену барысында магистрант:

халықаралық кәсіпкерліктің негізі болып табылатын сыртқы сауда контрактіні **талдау және түсінуге;**

халықаралық кәсіпкерліктің валюта-қаржы ұйымдастырылуын және жүргізілуін **білуге;**

халықаралық инвестициялардың сан алуан түрлерінің ерекшеліктерін, ережелері мен қағидаттарын, бірлескен кәсіпорындарды құру, басқару және әрекет етуін **білуге;**

халықаралық ғылыми-технологиялық алмасу, инжиниринг, франчайзинг, факторинг саласында білімдер **жинақтауға;**

ТҰК-дың халықаралық бизнестегі ұйымдық құрлымын, басқарылу жүйесін және ролін, ТҰК-дың халықаралық кәсіпкерлік саладағы стратегиясы мен тактикасын **түсінуге;**

жаһанданудың пайдасы мен шығынын, қазіргі кезде жаһандық сипатқа ие болып отырған көлеңкелі экономикалық әрекетті **түсінуге тиісті.**

«Жаһандану жағдайындағы халықаралық кәсіпкерлік» пәнінің зерттеу нысаны пайда табуға бағытталған әртүрлі елдердің субъектілері арасындағы халықаралық өндірістік-коммерциялық қатынастардың жиынтығын зерттеу болып табылады.

Аталған пәннің әдістемесі мекемелердің сыртқы экономикалық қызметі, халықаралық кәсіпкерлік саласында жарық көрген шетелдік және отандық мамандардың ғылыми-теориялық және әдістемелік қағидаларына негізделген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халықаралық кәсіпкерліктің теориялық негіздері: ұғымы, ерекшеліктері мен ұйымдастырушылық-құқықтық формалары

Халықаралық кәсіпкерлік: ұғымы мен мәні. Халықаралық кәсіпкерліктің негізгі бағыттары. Халықаралық кәсіпкерліктің даму тарихы мен ерекшеліктері. Дәстүрлі және инновациялық халықаралық кәсіпкерлік қызмет.

Халықаралық кәсіпкерліктің классификациясы. Халықаралық өндірістік кәсіпкерліктің мәні мен формасы. Халықаралық сауда кәсіпкерлік. Кәсіпкерлердің әлемдік нарықтағы құқықтық жағдайлары мен жауапкерлігі.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік нарықтар: түрлері мен әрекет ету ерекшеліктері

Нарықтардың түсінігі мен түрлері. Нарықты зерттеу. Нарықты зерттеу тәсілдері. Әлемдік нарықтардың жалпы сипаттамасы.

Әлемдік нарықтар мен іскерлік белсенділік орталықтар. Әлемдік нарықтардың классификациясы мен ерекшеліктері.

Халықаралық кәсіпкерліктің жаһандану жағдайындағы экономикалық-құқықтық және мәдениетаралық қырлары

Халықаралық кәсіпкерліктің құқықтық және саяси шарттары. Өртүрлі елдердің сыртқы сауда тәртібінің ерекшеліктері. Мекемелерге салық салудың ұлттық жүйелері. Әлем елдеріндегі еңбек қатынастары саласындағы заңнамалар.

Мәдениет элементтерінің негізгі сипаттамалары және олардың халықаралық кәсіпкерлікке тигізер әсері. Тілдің ролі. Өртүрлі елдердің ұлттық психологиясының, дәстүрлері мен салтының ерекшеліктері. Діннің кәсіпкерлікті жүргізу жағдайларына тигізер әсері. Адамдар арасында мәдени айырмашылықтарды анықтайтын факторлар. Өртүрлі мәдениеттерде келіссөздер жүргізудің стилі. Халықаралық бизнестегі этика мен әлеуметтік жауапкерлік.

Халықаралық кәсіпкерліктегі тәуекелдер. Шетелдік серіктесті таңдау шарттары

Халықаралық кәсіпкерліктегі тәуекел ұғымы мен шығындар. Халықаралық кәсіпкерліктегі ахуал, шарттар мен тәуекел көздері. Кәсіпкерлік тәуекелдің түрлері мен факторлары. Ішкі және сыртқы кәсіпкерлік тәуекелдер. Экономикалық, қаржы, валюталық тәуекелдер халықаралық кәсіпкерліктегі тәуекел түрлері ретінде. Саяси және инвестициялық тәуекелдер. Кредиттік және салықтық тәуекелдер. Халықаралық кәсіпкерлікте тәуекелдерді басқарудың негізгі тәсілдері.

Шетелдік серіктесті таңдау. Әлемдік нарықта фирмаларды классификациялау. Шетелдік фирмалар қызметінің негізгі көрсеткіштері. Коммерциялық ақпараттардың көздері.

Халықаралық коммерциялық қызметтің ұйымдастырылуы.

Халықаралық қарсы келісімдер: түрлері мен формалары

Халықаралық коммерциялық қызметтің ұғымы. Халықаралық коммерциялық қызметтің түрлері мен формалары.

Экспорттық-импорттық операциялардың ұғымы мен түрлері. Халықаралық коммерциялық қызметтің реттелуі. Экспорттық-импорттық операциялардың кедендік-тарифтік реттелуі. Қазақстанның сыртқы саудасын кедендік-тарифтік реттеудің ерекшеліктері.

Халықаралық қарсы келісімдердің ұғымы мен ерекшеліктері. Халықаралық қарсы келісімдердің түрлері мен формалары. Халықаралық қарсы келісімдердің халықаралық коммерциялық қызметтегі ролі.

Сыртқы сауда контракт халықаралық кәсіпкерліктің негізі ретінде

Сыртқы сауда контрактісі және оны құрастырудың әдістері. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шартының құқықтық қырлары.

Сыртқы сауда контрактісінің құрылымы. Сыртқы сауда контрактісін даярлау мен жасаудың техникасы. Сыртқы сауда контрактісінің мазмұны мен шарттары. Тауарлар жеткізіп берудің базистік шарттары (Инкотермс).

Халықаралық кәсіпкерліктің қаржылай қамтамасыз етілуі

Контрактілердің валюта-қаржы шарттары. Халықаралық кәсіпкерліктегі валюта төлемдері мен қаржы құралдар.

Есеп айырысудың халықаралық формалары. Халықаралық есеп айырысудың ұғымы мен түрлері. Есеп айырысудың негізгі формаларының ерекшеліктері мен айырмашылықтары. Өртүрлі есеп айырысу тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Алдын-ала төлем. Аккредитив. Инкассо. Ашық шот. Банктік кепілдіктер: ерекшеліктері мен түрлері.

Халықаралық кәсіпкерліктегі сауда-делдалдық операциялар

Сауда делдалдары арқылы іске асырылатын халықаралық коммерциялық қызмет. Сауда-делдалдық операциялардың ұғымы мен түрлері. Сауда делдалдарымен келісім жасаудың негізгі коммерциялық шарттары. Сауда-делдалдық операциялардың ұйымдастырушылық формалары. Сауда-делдалдық фирмалардың түрлері және олардың қазіргі жағдайлардағы қызметінің ерекшеліктері: сауда үйлері; экспорттық және импорттық фирмалар; көтерме және бөлшек сауда фирмалар; дистрибьюторлар. Коммерциялық өкілдер және іске сеніп тапсырылығандармен, коммиссионерлер мен консигнаторлармен, агенттер және дистрибьюторлармен келісімдер жасаудың ерекшеліктері.

Халықаралық биржалар мен аукциондардағы кәсіпкерлік
Халықаралық тауарлы биржалар. Биржа ұғымы және биржа саудасының ерекшеліктері. Биржалық тауарлар және биржа саудасын ұйымдастыру. Биржалық сауданы іске асырудың механизмдері.

Халықаралық аукциондар. Аукциондық сауда ұғымы мен ерекшеліктері. Аукциондық тауарлар мен аукциондық сауданы ұйымдастыру техникасы. Аукциондық сауда механизмі.

Халықаралық экономикадағы көрме-жәрмеңкелік сауда. Халықаралық жәрмеңкелер. Халықаралық көрме-саудалар.

Халықаралық кәсіпкерліктегі білім және технологиялармен алмасу

Кәсіпкерлік қызметте білім және технологиялармен халықаралық алмасудың теориялық негіздері. Лицензиялармен халықаралық алмасу және ноу-хау. Өртүрлі елдердің патенттік жүйесінің негізгі қағидаттары. Халықаралық кәсіпкерлікте зияткерлік меншік құқығын қорғау.

Халықаралық кәсіпкерлікте инженерлік-техникалық қызмет көрсетумен халықаралық алмасу. Халықаралық консалтинг дамуының үрдістері.

Халықаралық франчайзинг пен факторинг

Халықаралық франчайзинг кәсіпкерлік қызметтің формасы ретінде. Халықаралық франчайзингтің ерекшеліктері. Франшизаларды берудің тәсілдері. Халықаралық франчайзингтің түрлері. Франчайзинг шартына қатысушы тараптардың міндеттері. Халықаралық франчайзингтің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Халықаралық кәсіпкерліктегі факторинг. Халықаралық факторингтің мәні мен ерекшеліктері. Кәсіпкерлік құрылымдардың қарыздарын басқару. Факторингтің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Халықаралық инвестициялық ынтымақтастық: формалары, бағыттары, мемлекеттік реттелуі

Халықаралық инвестициялық ынтымақтастықтың формалары мен бағыттары. Халықаралық инвестициялардың себептері мен қайнар көздері. Халықаралық инвестициялаудың негізгі ережелері. Шетелдік инвестициялардың түрлері. Тікелей инвестициялаудың артықшылықтары. Портфельдік инвестицияның өзгешелігі мен бағыттылығы. Инвестициялық климат және инвестициялық тәртіп. «Офф-шор» орталықтары. Халықаралық инвестициялық қызметті реттеу.

Халықаралық бірлескен мекемелер: сипаттық белгілері, мақсаттары мен құрылу міндеттері. Бірлескен мекемелердің ұйымдық құрылымы мен оларды басқару ерекшеліктері. Қазақстандағы бірлескен мекемелер: түрлері мен қызметінің негізгі салалары.

Халықаралық кәсіпкерліктегі Трансұлттық компаниялар (ТҰК)

ТҰК-лар халықаралық кәсіпкерліктің басты субъектілері ретінде. ТҰК-ларды ұйымдастыру формалары мен негізгі типтері. ТҰК-ды ұйымдастыру құрылымы. Қаржы-өндірістік топтар (ҚӨТ) және олардың негізгі сипаттамалары. ТҰК-дағы менеджмент.

ТҰК-лардың негізгі қызмет саласы. Тауарлармен халықаралық сауда жасаудағы ТҰК-лар. ТҰК-дың қызмет көрсетумен сауда жасаудағы ролі. ТҰК-дың тікелей шетелдік инвестициялары. ТҰК қызметінің негізіндегі халықаралық өндіріс. Трансұлттық өндірістің экономикасы. ТҰК маркетингісінің ерекшеліктері.

ТҰК-дың халықаралық стратегиясы мен тактикасы

ТҰК-дың стратегиясының мәні мен ерекшеліктері. ТҰК-дың халықаралық нарықтарға енуінің формалары. ТҰК-дың нарықтық стратегиясының типологиясы: халықаралық стратегия, көп елді стратегия, жаһандық стратегия, трансұлттық стратегия. ТҰК-дың әлемдік нарықтағы тактикасы.

ТҰК-дың халықаралық қосылу және жұтылуды іске асыру барысындағы мақсаттары мен стратегиялары. Халықаралық стратегиялық альянстарды құру тәсілдері және олардың формалары.

ТҰК-дың орналасу елдеріндегі ұлттық шаруашылықпен және олардың шетелдік филиалдарының қабылдаушы елдің ұлттық шаруашылықтарымен өзара әрекеттесуі. ТҰК-дың Қазақстандағы қызметі.

Көлеңкелі экономикалық қызметтің жаһандануы

Жаһандану қазіргі кездегі әлемдік экономиканың негізгі белгісі ретінде. Жаһанданудың әлемдік экономикадағы шығыны мен пайдасы. Жаһанданудың мәселелері мен қайшылықтары.

Көлеңкелі экономикалық қызметтің ұғымы, мән мен түрлері. Көлеңкелі экономикалық қызметтің жаһандануы. Халықаралық көлеңкелі және қылмыстық экономикалық қызметтің өсуіне мүмкіндік туғызатын факторлар. Коррупция және заңсыз экономикалық қызмет. Көлеңкелі экономикалық қызмет жаһандануының әлеуметтік-экономикалық салдарлары.

Қылмыстық және көлеңкелі қызметпен күресудегі халықаралық ынтымақтастық.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

1. Халықаралық кәсіпкерліктің ұғымы, үрдістері және оның жаһандану жағдайындағы ұйымдық-құқықтық формасы
2. Халықаралық кәсіпкерліктің құқықтық, саяси және мәдени аспектілері
3. Халықаралық кәсіпкерлікте тәуекелдерді басқарудың негізгі түрлері мен әдістері
4. Халықаралық коммерциялық операциялар: түрлері және оларды іске асырудың әдістері
5. Сыртқы сауда контракті халықаралық кәсіпкерлік қызметтің базасы ретінде
6. Халықаралық кәсіпкерліктің қаржылық негіздері
7. Халықаралық кәсіпкерліктегі сауда-делдалдық қызмет

8. Халықаралық биржа және аукциондық сауданың ерекшеліктері
9. Шетелдік инвестициялар: түрлері және оларды ұлттық реттеу
10. Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық, лицензиялармен алмасу және ноу-хау
11. Халықаралық кәсіпкерліктегі франчайзинг пен факторинг
12. Халықаралық кәсіпкерліктегі ТҰК-дың рөлі
13. Халықаралық инвестициялық ынтымақтастық
14. Бірлескен кәсіпкерліктің әрекет ету ерекшеліктері
15. Халықаралық кәсіпкерліктегі көлеңкелі экономика

МАГИСТРАНТТАРҒА ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ

1. Халықаралық кәсіпкерлік ұғымы, формасы мен түрлері
2. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі сыртқы сауда тәртібінің ерекшеліктері
3. Кәсіпкерлік тәуекелдер ұғымы, түрлері және оларды басқару жүйесі
4. Халықаралық қарсы келісімдер: түрлері мен формалары
5. Шетелдік серіктестерді іздеу және халықаралық келісімдерді дайындау
6. Сыртқы сауда келісімі: құрылымы мен мазмұны
7. Халықаралық кәсіпкерліктің қаржылық қамтамасыз етілуі
8. Халықаралық кәсіпкерлікте ғылыми-техникалық білімдермен алмасу бойынша операциялар
9. Қазақстандағы бірлескен кәсіпорындар
10. Ұлттық экономика үшін шетелдік инвестициялардың рөлі
11. Көлеңкелі кәсіпкерлік қызметтің ұлттық және халықаралық экономикадағы салдарлары
12. Халықаралық кәсіпкерлік жүйесіндегі Еуропаның ТҰК-лары
13. Халықаралық кәсіпкерлік жүйесіндегі АҚШ-тың ТҰК-лары
14. Жапонияның ТҰК-лары: негізгі компаниялары мен олардың қызметінің ерекшеліктері
15. Азияның ТҰК-лары: негізгі компаниялары мен олардың қызметінің ерекшеліктері

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Гриффин У. Р., Пастей У. М.. Халықаралық бизнес: оқулық жоғары оқу орнының оқытушылары мен экономикалық және халықаралық қатынастар мамандықтары студенттері мен магистранттарына арналған / Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. - Алматы: Б.и., 2012. - 1000 бет.

2. Гриффин Р., Пастей М. Международный бизнес. 4-е изд. / Пер. с англ. под ред. А. Г. Медведева. – СПб.: Питер, 2006.
3. Хасбулатов Р.И. Международное предпринимательство. 2-е издание. Учебник. – Москва, изд-во «Прспект». -2015.
4. Хилл Ч. Международный бизнес.- СПб., 2013
5. Мировая экономика и международный бизнес. Под ред. Полякова В.В., Щенина Р.К. – М.: КНОРУС, 2005.
6. Международный бизнес: учебник/ под ред. Черненко В. А. - СПб.: 2011.
7. Ерохин В.Л. Международное предпринимательство: учеб. пособие /М.: Финансы и статистика; Ставрополь: АГРУС, 2008.
8. Бобина М.А., Грачев М.В. Международный бизнес. Стратегия альянсов. М.: Дело, 2006.
9. Дегтярева О.И. Управление рисками в международном бизнесе.- М., 2010
